



Республикалық және жергілікті бюджеттерде тұратын мекемелердің ұйымдарға (берушілерге) пайда болған берешектерін, оларды соңғыларының бюджетке төленетін төлемдер жөніндегі берешектерін өтеуі есебіне есептеу арқылы өтеудің тәртібін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 7 маусым N 719. Күші жойылды - ҚРУ-нің 1997.09.30. N 1393 қаулысымен

Республикалық және жергілікті бюджеттерде тұратын мекемелердің жеткіліксіз қаржыландырылуы, олардың төлемдер жасамауы және пайда болған берешектерін, оларды соңғыларының бюджетке төленетін төлемдер жөніндегі берешектерін өтеуі есебіне есептеу арқылы өтеудің Тәртібі

бекітілсін.

Қоса беріліп отырган Республикалық және жергілікті бюджеттерде тұратын мекемелердің ұйымдарға (берушілерге) пайда болған берешектерін, оларды соңғыларының бюджетке төленетін төлемдер жөніндегі берешектерін өтеуі есебіне есептеу арқылы өтеудің Тәртібі бекітілсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 7 маусымдағы
N 719 қаулысымен
бекітілген

Республикалық және жергілікті бюджеттерде тұратын мекемелердің ұйымдарға (берушілерге) пайда болған берешектерін, оларды соңғыларының бюджетке төленетін төлемдер жөніндегі берешектерін өтеуі есебіне есептеу арқылы өтеудің
ТӘРТІБІ

I. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бюджеттік мекемелердің үйымдар (берушілер) алдындағы берешектерін кредиттер ашуда шығындар кестесін пайдалану және жергілікті бюджеттерден қаржыландыру кезеңінде оларды қазынашылық жолымен өтеуді жүргізудің тәртібін белгілейді, салықтар мен бюджетке төленетін төлемдерді төлемдерді төлеу жөніндегі үйымдарға (берушілерге) берешектерді өтеудің бюджетке салықтар мен төлемдерді төлеу жөніндегі есебін жүргізудің процедурасын айқындаиды.

Осы Тәртіп бюджетпен өзара қатынасты реттейді және ерекше жағдайларда қ о л д а н ы л а д ы .

II. Бюджеттік мекемелердің оларға көрсетілген коммуналдық қызметтер (жылдыту, ыстық сумен жабдықтау, электр қуаты) жөніндегі берешектеріне жалпымен мекемелердің салықтарды бюджетке төлеу жөніндегі үйымдардың (берушілердің) берешектерін өтеу есебіне бюджеттік мекемелердің қазынашылық рұқсаттарымен республикалық бюджеттен қаржыландыру кезінде есептеме жүргізу

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің жанындағы қазынашылық Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 1995 жылғы 18 қыркүйектегі N 239 бұйрығымен бекітілген Қаржы жоспарын жасау және қолма-қол ақша легін болжамдау жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес министрліктер мен ведомстволарға "Барлығы" деген жолдардан кейін "Бұдан басқа есептеме бойынша" жеген жаңа жолдарды бөліп көрсету арқылы қабылданған қаржы міндеттемелері бойынша шығындардың лимитін белгілейтін қазынашылық рұқсаттарын береді.

Министрлік (ведомство) әрбір бюджеттік мекемені министрліктің (ведомствоның) рұқсатын беру жолымен, сондай-ақ "барлығы" деген жолдан кейін "Бұдан басқа есептеме бойынша" деген жаңа жолды бөліп көрсету арқылы оған бөлінген лимит туралы хабардар етеді.

Осымен бір мезгілдес министрліктер мен ведомстволар лимиттердің бөлінуін бақылау нәтижесінде "есептесу тәртібімен" деген белгі жасайды.

3. Егер есептеме қандай да болмасын себептер бойынша, мысалы, үйымның (берушінің) берешегі болмауына байланысты жүргізілмесе, онда министрліктердің (ведомстволардың) бастамашылығы бойынша қазынашылық рұқсаттары мен министрліктердің (ведомстволардың) рұқсаттары қайта қаралады және есептеуді жүргізу кезінде пайдаланылған сома "Бұдан баса есептеме

бойынша" деген жолда қалатын, ал есептеуде пайдаланылмай қалған сома лимиттерді әдеттегі тәртіппен есептеу үшін аталмыш құжаттың тиісті жолына көшірілген өзгертулгендері беріледі.

4. Бірқатар бюджеттік мекемелердің алған жылу, ыстық су және электр қуаты үшін осы кесіпорынға дебиторлық берешек болуына байланысты бюджетке жалпыменлекеттік салықтарды төлеу жөнінде кредиторлық берешегі бар ұйым (беруші) облыстық қазынашылық басқармасына есептелген айыппұлдар мен өсімдерді бөліп көрсету арқылы салықтар мен бюджетке төленетін төлемдер бойынша берешектер туралы анықтаманы және республикалық және жергілікті бюджеттерде тұратын борышкерлердің тізімін ұсынады. Ұйымдар (берушілер) ұйымдар (берушілер) мен бюджеттік мекемелер арасындағы есеп айырысулады салыстырудың актілерін борышкерлердің тізімімен қоса береді.

5. Облыстық қазынашылық басқармасы облыстық қаржы басқармасымен бірлесіп ұсынылған құжаттардың негізінде және министрліктердің (ведомстволардың) рұқсаттарында көзделген есептеме сомасының лимиттері шегінде өзара есептеме туралы (1-қосымша) екі данада келісім жасайды.

Қарыздарды өзара есептеу туралы келісімде (1 қосымша) 1-бөлімнің 1-ден 4-ке дейінгі бағандары салық инспекциясының анықтамасы негізінде, 1-бөлімнің 5-тен 8-ге дейінгі бағандары - бюджет туралы бекітілген заңға сәйкес жалпыменлекеттік салықтардан облыстың бюджетіне белгіленген нормативтің негізінде, ал 2-бөлімнің 1, 4, 6 және 10-бағандары - аталмыш ұйымға (берушіге) берешегі бар бюджеттік мекемелердің тізімі мен есеп айырысулады салыстыру актілерінің негізінде толтырылады. 1-бөлімнің 4-бағанының жиынтығы 2-бөлімнің 4 және 10-бағандарының жиынтық сомасына теңесуі қажет. 1-бөлімнің 6 және 8-бағандарының жиынтықтары тиісінше 2-бөлімнің 4 және 10-бағандарының жиынтығына тең болуы керек.

1-бөлімнің 9-дан 12-дейінгі бағандары жалпыменлекеттік салықтардан ауданның бюджетіне бөлудің облыстық маслихат бекіткен нормативтері негізінде толтырылады. 1-бөлімнің 10 және 12-бағандары жиынтығының сомасы 1-бөлімнің 8-бағанының жиынтығына, сондай-ақ 2-бөлімнің 10-бағанының жиынтығына тең болуы қажет.

6. Облыстық қазынашылық басқармасы берешектері өзара есептеу туралы келісімнің негізінде екі данасын бір мезгілде берешектерді өзара есептеу туралы жазылған есептемелік тапсырмалардың нөмірі мен күні туралы келісімге белгі жасап салықтар бойынша бюджетке берешектерді өтеу үшін тиісті салық инспекциясына жолдайтын үш дана есептемелік тапсырма (2-қосымша) жазады.

Салық инспекциясы берешек өтелгеннен кейін есептемелік тапсырмаға белгі жасайды және бір данасын есеп жүргізуде көрсету үшін ұйымға (берушіге) береді .

Осымен бір мезгілде облыстық қазынашылық басқармасы мен облыстық қаржы басқармасының тарапынан ұйымның (берушінің) жазылған және кредит берушіге қарызыды өтеу үшін жасалған есептеу сомасы көрсетілген 280-нысан бойынша хабарлама ресімделеді және ол тиісті бюджеттік мекемеге беріледі.

7. Жасалған есептеменің нәтижесінде жергілікті бюджеттің кірістерін облыспен ауданының (қаланың) бюджеттері арасында болу кезінде жүргізілген есептеудің нәтижесінде бір бюджеттің басқасының алдында берешегі пайда болуы мүмкін. Облыстық қаржы басқармасы ақша қаражатын тиісті төменгі бюджетке аудару жолымен бюджеттер арасындағы айырманы өтеу туралы
шешім қабылдай алады.

қабылдай алады.

III. Жалпы мемлекеттік салықтар және республикалық бюджетке төленетін басқа да төлемдер бойынша берешектерге бюджеттік мекемелердің берешегін өтеу есебіне кредиттер ашу жолымен оларды республикалық бюджеттен қаржыландыру кезеңінде есептеме жүргізу

8. Жалпы мемлекеттік салықтар бойынша есептеме республикалық және жергілікті бюджеттерде тұратын, әрбір бюджет кірістерінің үлесіне тиесілі сомалардың шегінде ұйымның (берушінің) алдында кредиторлық берешектері бар бюджеттік мекемелердің оған бір мезгілде міндettі түрде қатысуымен жүргізіледі.

Тек респубикалық бюджетке ғана төленетін кірістер мен басқа да төлемдер бойынша (жалпы мемлекеттік төлемдерден басқа) берешектерді есептеу кезінде респубикалық бюджетте тұратын және ұйымның (берушінің) алдында кредиторлық берешегі бас бюджеттік мекемелер ғана катысады.

Есептеу бюджеттік мекемелердің шығындар сметасының және ұйымның (берушінің) бюджетке төлемдері бойынша қарыздарының тиісті бабына (өзгешелігіне) сәйкес бюджетке көзделген сомалардың шегінде жүргізіледі.

9. Ұйым (беруші) облыстық қазынашылық басқармасына көрсетілген қызметтер мен орындалған жұмыстар бойынша берешектер сомасы туралы бюджеттік мекемелер мен салыстырмалардың екі дана актісі қоса берілген салықтар және бюджетке басқа да төлемдер жөніндегі берешектерді өтеу туралы өтінішпен және хат есептелген айыппұлдар мен өсім төлемдерді бөліп көрсету арқылы салықтар инспекциясының анықтамасын жолдайды.

10. Жалпы мемлекеттік салықтарды есептеу кезінде облыстық қазынашылық басқармасы облыстық қаржы басқармасымен бірлесіп "жоба" деген белгі қою, республикалық және жергілікті бюджеттерде тұратын бюджеттік мекемелерді кіргізу арқылы берешектерді өзара есептеу туралы (1 қосымша) келісім жасайды.

Осымен бір мезгілде облыстық қазынашылық басқармасы салыстыру актілерінде ұйым (беруші) мен республикалық бюджеттік мекеменің арасындағы есеп айырысуларды, берешектерді өзара есептеу туралы келісімнің жобасына енгізілген салықтар түрлерінің кесіндісіндегі республикалық бюджеттің кірістерінің үлесіне тең соманы белгілейді, актіге қазынашылық басшысында қол қояды, мөрмен бекітеді және актінің бір данасын ресми хатпен бірге тиісті министрлікке (ведомствоға) жібереді.

11. Министрлік (ведомство) есептеуге қатысушы әрбір бюджеттік мекеменің сметасы бойынша қолда бар қаражаттардың шегінде берешектерге өзара есептеу жүргізуіндің мүмкіндігін қарастыра келіп, нысан бойынша (3 қосымша) бес дана келісім және әрбір ұйым (беруші) бойынша үш дана есептеулік тапсырма (2 қосымша) ресімдейді. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінде салалық басқармамен және Бас салық инспекциясымен келіседі және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің жанындағы Қазынашылыққа жолдайды.

12. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің жанындағы Қазынашылық аталған министрлік (ведомство) бойынша қолда бар қаражатты тексереді, тіркейді, келісімге (3 қосымша) қол қояды, бір данасын аталмыш министрлікті (ведомствоны) қаржыландыру жөніндегі операцияларды көрсету үшін өзінде қалдырады, ал төрт данасын оларды тиісті ұйымдарға беру үшін министрлікке (ведомствоға) қайтарады.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің жанындағы Қазынашылық есептеулік тапсырманың (2-қосымша) бірінші данасын берешектердің өзара есептелуін одан әрі ресімдеу үшін облыстық қазынашылық басқармасына жібереді, екінші данасын кірістердің келіп түсін және қаржыландыру есебін шығындар жөніндегі операцияларды көрсету үшін өзінде қалдырады, үшіншісін ведомстволық бағыныстағы мекемелерді қаржыландыру жөніндегі операцияларды көрсету үшін министрлікке (ведомствоға) қайтарады.

13. Облыстық қазынашылық басқармасы алынған есептеулік тапсырманы берешектердің өзара есебі туралы келісімнің жобасымен салыстырады және егер айырмашылық болмаса, жалпыменлекеттік салықтар бойынша (мөлшер бойынша) бюджетке төлемнің барлық сомасына төрт дана етіп өзінің есептеулік тапсырмасын толтырады және бірінші данасын берешекті өтеу үшін салық инспекциясына, екінші данасын - есепте көрсету үшін ұйымға (берушіге), жергілікті бюджетте тұратын және есептеуге қатысатын бюджеттік мекемемен салыстыру актісінің даналарымен қоса берілген үшінші данасын - облыстық қаржы басқармасына береді және төртінші данасын қызмет көрсетілетін мекемелерді қаржыландыру есебінде көрсету үшін өзінде қалдырады.

Егер алынған есептеулік тапсырма есептелетін сома мен республикалық

бюджетте тұратын және есептеуге қатысатын бюджеттік мекемелер санының кемуіне байланысты келісімнің жобасында көрсетілген сомаға сәйкес келмесе, онда облыстық қазынашылық басқармасы облыстық қаржы басқармасымен бірлесіп бюджетке төлемдер бойынша берешектер есептемесінің кемітілген сомасына берешектердің өзара есептемесі туралы (1 қосымша) екі дана етіп жаңа келісім жасайды. Бұл жағдайда жергілікті бюджетте тұратын бюджеттік мекемелер бойынша есептеу сомасы жергілікті бюджетке тиесілі кірістердің тиісті үлесіне кемиді.

14. Облыстық қазынашылық басқармасы берешектердің өзара есептемесі туралы жаңа келісімнің негізінде төрт дана есептеу тапсырмасын (2 қосымша) жасайды және бірінші данасын салықтар мен бюджетке төлемдер бойынша берешекті өтеу үшін тиісті салық инспекциясына, екінші данасын - есептеуде көрсету үшін ұйымға (берушіге) және үшінші данасын - есеп жүргізу үшін облыстық қаржы басқармасына береді, ал төртінші данасын бақылап отыру үшін өзінде қалдырады.

15. Министрлік (ведомство) және облыстық қаржы басқармасы берешектердің өзара есептемесі туралы келісімдердің негізінде ұйымның (берушінің) атауы және жүргізілген есептеме сомасы көрсетілген 280-нысан бойынша хабарлама жазады және қаржыландыру есебінде көрсетіп және кредиторлық қарызды өтеу үшін тиісті бюджеттік мекемеге береді.

IV. Бюджеттік мекемелерге көрсетілген қызметтер бойынша олардың берешектеріне тек жергілікті бюджетке ғана тиесілі салықтар мен төлемдерді төлеу жөніндегі ұйымдардың (берушілердің) берешектерін өтеу есебіне есептеме жүргізу

16. Жергілікті бюджетке төлемдер бойынша есептеме облыс әкімінің шешімі бойынша жүргізіледі, оған жергілікті бюджетте тұратын бюджеттік мекемелер қатысады.

Есептеменің сомасы жергілікті бюджеттің тиісті бюджеттік мекемелер алдындағы берешегіне қарай, ұйымдардың (берушілердің) жергілікті бюджетке салықтар мен төлемер бойынша накты берешегі мен бюджеттік мекемелердің ұйымға (берушіге) алынған тауарлар, атқарылған жұмыстар және көрсетілген қызметтер үшін берешегінің шегінде айқындалады.

17. Жергілікті бюджетке салықтар мен төлемдер бойынша борышты болып табылатын ұйым (жеткізіп беруші) бюджеттік мекемелердің аталмыш ұйымға қарызы болуына байланысты облыстық қаржы басқармасына айыппұлдар мен

есімдерді бөліп көрсету арқылы салықтар мен бюджетке төлемдер бойынша берешек туралы салық инспекциясының анықтамасын және ұйым (беруші) мен бюджеттік мекеме арасындағы есеп айырысуарды салыстыру актілері қоса берілген борышкерлердің - бюджеттік мекемелердің тізімін ұсынады.

18. Облыстық қаржы басқармасы ұсынылған құжаттардың негізінде аудандық (қалалық) қаржы бөлімімен бірлесіп берешектерді өзара есептеу туралы (1-қосымша) үш данада келісім толтырады.

Келісімнің бірінші данасы облыстық қаржы басқармасында қалады, екінші данасы аудандық (қалалық) қаржы бөліміне беріледі және үшінші данасы бақылап отыру үшін облыстық қазынашылыққа жолданады.

Берешектерді өзара есептеу туралы келісімде (1-қосымша) 1-бөлімнің 1-ден 4-ке дейінгі және 9-дан 12-ге дейінгі бағандары мен 2-бөлімнің 6-дан 11-дейінгі бағандары, 1-бөлімнің 4-бағанының жиынтығы, 1-бөлімнің 10 және 12-бағандарының жиынтық сомасына, сондай-ақ 2-бөлімнің 10-бағанының жиынтығына тең болатындей етіп толтырылады.

19. Облыстық қаржы басқармасы берешектерді өзара есептесу туралы ресімделген келісімнің негізінде тиісті салық инспекциясына жіберетін есептемелік тапсырма (2-қосымша) жазады және бұдан әрі осы Тәртіптің бтармағында сипатталғандай, есеп жүргізуді одан әрі көрсетуге арналған құжаттарды ресімдеудің тәртібі жалғасады.

V. Бухгалтерлік есеп

20. Салық инспекциясын есептеу тапсырмасын алу кезінде салық төлеушінің тіркелген жері бойынша салық төлеушінің жиегінде "есептеу тәртібімен" деген белгісі бар жеке шотының тиісті кәртішкесіндегі аталмыш ұйым бойынша қарызды етейді.

21. Лимиттердің есептеме бойынша сомадағы министрліктің (ведомствоның) бюджеті қаражаттарының есебімен қаржыландыру ретінде Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің жанындағы Қазынашылықтан алған қазынашылық рұқсаттың негізінде, ал бюджеттік мекемелер олар министрліктерден (ведомстволардан) алған тиісті рұқсаттардың негізінде көрсетіледі. Бұл ретте аталмыш операциялар жаңадан енгізілген 094 "Берешектерді өзара есептесу туралы келісімдердің республикалық бюджет бойынша ағымдағы шоты" қосымша шотының дебеті және жаңадан енгізілген 235 "Мекемелердің шығындары мен өзара есептесу жөніндегі басқа да шараларды бюджеттен қаржыландыру", 145 "Мекемелердің шығындары мен

өзара есептесу жөніндегі басқа да шараларды бюджеттен қаржыландыру бойынша есептесу" қосымша шотының кредиті бойынша көрсетіледі. Жоғары тұрған кредиттерді бөлуші тәменгі тұрған кредиттерді бөлушілерге министрліктің (ведомствоның) рұқсатын берген кезде оларға тиісінше 145-қосымша шоты дебеттеледі және 094-қосымша шоты кредиттеледі, ал тәменгі тұрған кредиттерді бөлушілерге 094-қосымша шоты дебеттеледі және 145-қосымша шоты кредиттеледі.

280-нысанда алынған хабарламаның сомасын бюджеттік мекемелер бухгалтерлік есепте кассалық шығыстар ретінде 178 "Өзге де дебиторлармен және кредит берушілермен есеп ауырысулар" қосымша шотының дебеті және 094-қосымша шотының кредиті бойынша көрсетеді.

Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын бюджеттік мекемелер бойынша операциялардың корреспонденциясы жоғарыда сипатталғандармен бірдей. Бұл ретте 094-қосымша шотының орнына жаңадан енгізілген 104 "Берешектерді өзара есептеу жөніндегі келісімдердің жергілікті бюджет бойынша ағымдағы шоты" қосымша шоты қолданылады.

22. Берешектердің өзара есептемесі туралы келісімдерге сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің жаңындағы Қазынашылық пен қаржы органдары бюджетке төлем бойынша есептемеге қабылданған сомаларды бухгалтерлік есепте 012 "Берешектерді өзара есептесу туралы келісімдер жөніндегі бюджет қаражаттары" қосымша шотының дебеті және 045 "Өзара есептесу жөніндегі бюджет кірістері" қосымша шотының кредиті бойынша банктен тыс ішкі жазбалар ретінде бюджеттік жіктемеге сәйкес кірістер түрлері бойынша көрсетеді, ал бюджеттен қаржыландырылатын ұйымдардың қарыздарын өтеу бойынша есептемеге қабылданған сомаларды бас берешектерін бөлушінің бюджеті қаражаттарының есебінен қаржыландыру ретінде ескереді және олар жүргізген мақсаттық тұрғыдағы кассалық шығыстарды 025 "Өзара есептесу жөніндегі бюджет шығындары" қосымша шотының дебеті бойынша, бюджеттік жіктеудің бөлімшелері мен 012 қосымша шотының кредиті бойынша көрсетеді.

23. Алынған есептемелік тапсырмада көрсетілген, бюджетке төлемді есептеу сомасы бухгалтерлік есепте ұйым (беруші) тарапынан 68 "Бюджетпен есеп айырысу" шотының бюджетке жарналардың есептеу жүргізілетін салық түрлерінің қосымша шотына сәйкес келетін дебеті бойынша 62 "Сатып алушылармен және тапсырыс берушілермен есеп айырысу" немесе 76 "Әртүрлі дебиторлармен және кредит берушілермен есеп айырысу" шоттарымен корреспонденцияда көрсетіледі.

V I . Е с е п т і л і к

24. Есептелген қаражаттардың бухгалтерлік есептемелер дұрыс көрсетілуін қамтамасыз ету үшін есептеуге қатысуышылардың барлығының арасында өздерінің есептік деректеріне салыстыру жүргізу қажет.

25. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бас қазынашылық басқармасы 1995 жылғы 22 маусымда N К-11-2-1 бекіткен Аумақтық қазынашылықтардағы бухгалтерлік есеп және есептілік жөніндегі әдістемелік нұсқамаларға сәйкес (уақытша, 1-кезең) облыстық қазынашылық басқармалары Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің жанындағы Қазынашылыққа ұсынатын республикалық бюджеттің кассалық атқарылуы жөніндегі есебінде 8-қосымшаға өзгертулер енгізіледі: "атқарылды", "кредиттер ашылды" және "кассалық шығындар" бағандары "Ұлттық банктің мәліметтері бойынша" және "есептеу тәртібімен" болып екі бөлікке бөлінеді.

26. Мекемелердің шығындар сметасының атқарылуы және бюджеттік қаражаттарды пайдалану туралы есептілікте бюджеттік мекемелер мен үйымдар үшін есептеу сомасын олардың мақсаттық пайдаланылуы бойынша көрсетудің мынадай тәртібі белгіленеді.

"Шығындар сметасының атқарылуы балансы" аталатын 1-нысанда (коды 0503001) 960 "Бір жолғы есептеме" жолы бойынша бюджеттен қаржыландыру сомасының қозғалысы туралы анықтамада есептелген бюджеттік қаржылар сомасы көрсетіледі.

Мекемелер мен үйымдар "есептеме" деген белгімен тиісті бап бойынша тек кассалық шығыс қана көрсетілетін, ал 4, 5, 7-бағандар толтырылмайтын қосымша 2-нысан (коды 0503008) "Мекемелердің шығындар сметасының атқарылуы туралы есеп" және 2-2 нысан (коды 0503308) "100 "Халық шаруашылығы" бөлімі бойынша шығындар сметасының атқарылуы туралы есеп" жасайды.

"Шығыстар сметасының атқарылуы туралы айлық есеп" деп аталатын 1 мән нысанында 1 және 2-бағандар Ұлттық Банктің деректері бойынша қаражат пен кассалық шығыстар көрсетілетін "Ұлттық Банк арқылы" және өзара есептеменің мәліметтері көрсетілетін "есептесу тәртібімен" болып екі бөлікке бөлінеді.

27. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 1995 жылғы 18 қыркүйекте N 239 бекіткен Қаржы жоспарын жасау және қолма-қол ақша

легін болжамдау жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес ұсынылатын жедел мәліметтерге министрліктер, ведомстволар және бюджеттік мекемелер жүргізілген есептеме сомасын 6 және 7-нысандардағы "Қабылданған міндеттемелер" атты З-бағанда бөлу белгісі арқылы көрсетеді.

28. Салық инспекциялары жүргізілген есептеме сомасын N 1-11 нысанындағы есепте бөлу белгісі арқылы салық төлемдерінің келіп түсүи ретінде көрсетеді.

N 1 қосымша

199 жылғы берешектердің өзара есептемесі туралы

N келісім

қазынашылық басқармасы

(атауы)

қаржы басқармасы (бөлім) салықтар мен төлемдердің мына түрлері бойынша
бюджетіне төлемдер бойынша берешекті
(беруші кәсіпорынның атауы)
өтеу жөнінде келісімге келді:

1-бөлім. Кірістер

(мың теңге)

Жергілікті бюджетті бөлу

аудандық (қалалық) | облыстық

%	сомасы	%	сомасы
9	10	11	12

2-бөлім. Шығыстар

төмендегі бюджеттік мекемелерді қаржыландыру есебіне:

Республикалық бюджет

Бюджеттік | Функциональдық | Қаржыландыру есебіне | Есептемелік |
мекеменің | жіктеу коды | _____ | тапсырманың |
атауы | тоқсан | есептеме сомасы | N және күні |

1	2	3	4	5	
Жиыны	x	x		x	

Жергілікті бюджет

Бюджеттік | Қаржы | Функциональ. | Қаржыландыру есебіне | Есептеменің |
мекеменің | органы. | дық жіктеу | _____ | N мен уақыты |
атауы | ның | коды | тоқсан | есептеме сомасы | |
| атауы | | | | |

Облыстық қазынашылықтың басшысы _____
Мөрлөр Обл. қаржы басқармасының (бөлімінің) басшысы _____

N 2 қосымша

(осы тапсырманы бекітетін облыстық қазынашылық басқармасының атаяу)

199 ж. "___" N _____ есептік тапсырма

199 ж. " " N _____ келісімге

1. Осы құжат арқылы _____

(салық төлейтін кәсіпорынның

(төлеушінің) атауы мен мекен-жайы)

төмендегі салықтар және төлемдердің мынадай түрлері бойынша бюджетке берешектері өтеледі:

Салықтар мен төлемдердің | Бюджеттік | Сомасы

атауы | жіктеудің коды | (мың теңге)

Жиыны		x	

(сомасы сөзбен, мың теңге)

бюджеттен мына мекемелерге бөлінетін 1996 жылғы - тоқсандағы қаражаттардың есебінен

Мекеменің атавы | Бюджеттің түрі | Бюджеттік жіктеудің | Сомасы

| | коды | (мың тенге)

Жиыны	x	x	

оның ішінде: республикалық бюджет үшін _____
жергілікті бюджет үшін _____

2. Осы есептемелік тапсырма _____ бюджетке төлемдерінің

(салық төлеуші кәсіпорынның атавы)

төлем тапсырмасын алмастырады және ашылған кредиттер, кассалық шығыстар есебі бойынша бухгалтерлік операциялар жүргізуге, сондай-ақ салықтар бойынша қарыздарын өтеу туралы салық инспекциясындағы жеке шоттарға жазбалар жүргізуге негіз болады.

Есептемелік тапсырма _____ дана етіп жасалды.

1-дана _____

2-дана _____

3-дана _____

Қолдары:

Тапсырманы толтырушы

министрліктің басшысы

Салық қызметінің басшысы

Облыстық қаржы

басқармасының басшысы

Қазынашылықтың

мөрі

"БЕКІТЕМІН"

Қазынашылықтың басшысы

3 қосымша

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі

мен _____
(бас кредиттерді бөлүшінің атауы)
арасында бюджеттік борыштар жөніндегі есептемеге байланысты
операцияларды жүргізу туралы
КЕЛІСІМ

1. _____ республикалық бюджеттің үлесіндегі
(бас кредиттерді бөлушінің атауы)
төлемдер бойынша _____
(салық төлеушінің аты мен мекен-жайы)
салықтардың мынадай түрлері бойынша (мың тәңге):

Салықтар мен төлемдердің | Бюджеттік | Сомасы
атауы | жіктеудің коды | (мың теңге)

Жиыны | x | _____

Жиыны

(сомасы сөзбен) республикалық бюджеттің _____ бөлімі _____ тарауы парасы _____ бабы _____ нысаны бойынша 1996 ж. _____ тоқсанында берілген ақша есебінен

мың теңге сомадағы борышын өтеу жөнінде өзіне міндеттеме аады.

2. Осы келісім _____ шығыс кестесін
(бас кредиттерді бөлушінің атауы)
(NN 13, 15 нысандар) және _____
(салық төлеушінің атауы немесе қоса

жоғарыда көрсетілген салықтардың жіберілген құжаттарға сәйкес) республикалық бюджетке аударылғаны туралы төлем тапсырысын алмастырады және ашылған кредиттердің, кассалық шығыстардың есебі бойынша бухгалтерлік операциялар жүргізу үшін, сондай-ақ салық инспекциясындағы салықтар бойынша борышын өтегені туралы жазбалар жүргізуге негіз болады.

Келісім 5 дана етіп жасалды:

- 1-шісі Қаржы министрлігінің жанындағы Қазынашылық үшін
 - 2-шісі Қаржы министрлігінің Бас салық инспекциясы үшін
 - 3-шісі Қаржы министрлігінің салық басқармалары үшін
 - 4-шісі бас кредиттерді бөлуші үшін
 - 5-шісі салықтарды төлеууші үшін

NN _____ есептемелік тапсырма келісіммен қоса берілді.
Қаржы министрлігі М.О. Бас кредиттерді бөлуші

(қол қоюшының қолы, қызметі және тегі) (қол қоюшының қолы, қызметі және тегі)

М.О. Салықтарды төлеуші

(бірінші басшының қолы, тегі не болмаса салыстыру актісіне сәйкес)

Келісім ашық кредиттерге кіргізу үшін тексерілді.

Қаржы министрлігінің

Салық басқармасы бастығы

Келісім көрсетілген салық түрлері бойынша қарыздардың есептемесі үшін тексерілді.

Бас салық инспекциясы

(қызметі) (қолы) (қолды таратып жазу)

Келісім N _____ болып тіркелді және оны Қаржы министрлігінің
Қазынашылығы _____ мың теңге сомала орындауға қабылдады.
_____ Қазынашылықтың бастығы
Бухгалтерлік есеп және есептілік

басқармасының бастығы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК